

«Ақсезім-Жан» БӨБЕКЖАЙЫ» ЖЕКЕ МЕКЕМЕСІ

***Циклограмма-апталық жоспар балалар өмірін ұйыдастыру және
тәрбиелеуді жоспарлау және ұйымдастырылған оқу қызметінің
технологиялық карталары***

08-02

«Кәусар» орта тобы

Басталуы: 27.08.2023 жыл

Аяқталуы:

Сақталуы: 5 жыл 514-тармақ

2023-2024 жыл

Білім беру ұйымы «Ақсезім-жан» бөбекжай бала бақшасы» жеке мекемесі.

Тобы: Кәусар тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 04-08 желтоқсан 2023 жыл

Тәрбиешінің аты жөні Абдусаметова Назокат

Апта күндері	Дүйсенбі		Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу. Баланың балабақшадағы тәртібі жайлы ақпарат беру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде оқу құралдарын тарату және орнына жинауға ынталандыру.					
	"Туынды тап" дидактикалық ойыны. Педагог: – Балалар, қазір біз "Туынды тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. – Ойынның шартын айтайын. Тақтадан көптеген мемлекеттің тулары көрсетіледі. Сендер еліміздің туын көрген кезде "Қазақстан" деп айтасыңдар. Еліміздің туы қанша рет қайталанса, сендер	"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. (сөйлеуді дамыту)	Саусақ жаттығуын айтқызу. Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету) Ұшып барады, асықпай. (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату) Айналып, оңға ұшып, (қолдарымен бір жаққа бұраңдау) Айналып, солға ұшып, (қолдарымен екінші жаққа бұраңдау) Мамықтай жерге түсіп, (алақандарымен жоғары	"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту. Барысы: педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың	Санамақтар айтқызу. "Жеті ұл". Сәл демалып, тынып ал. Тақпақ тыңдап, ұғып ал. Апта деген ағайдың Жеті бірдей ұлы бар: Біріншісі - Дүйсенбі, Екіншісі - Сейсенбі, Үшіншісі - Сәрсенбі, Төртіншісі - Бейсенбі, Жұма деген - Бесінші ұл, Алтыншы ұл - Сенбі, Жетіншісі - Жексенбі. (сөйлеуді дамыту)	

	сонша рет "Қазақстан" деп айтасындар. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға жалауша бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. (сөйлеуді дамыту)		бұлғап, төмен қарай түсіру) Тыныш жатыр, бізді күтіп. (алақандарды үстел басына, тізеге салу) (сөйлеуді дамыту)	шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып тақтаға іледі. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (жалаушалармен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп "Жаса!" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ арасы алшақ, жалаулар тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауды жоғары желбіретіп "Тербе!" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқты бірге ұстау, дене бос, қол төменде. 4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.				

	Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де, қуанасың сен де. Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге. Бүгінгі күніміз сәтті өтсін. Бәріңе сәттілік тілеймін! (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Ұйқыдағы аю". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін дамыту.	Дене шынықтыру "Қорбандаған аю". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіру дағдыларын дамыту; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін жетілдіру; балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту.	Музыка "Қыс қызығы". Мақсат-міндеттері. Балалардың басқа ұлт өкілдерінің әніне қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдауды үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын үйрету;	Дене шынықтыру "Бағытты өзгертіп жүгіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларда сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, аяқ-қол қимылдарын үйлестіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін пысықтау.	

		Қазақ тілі "Қыс қызығы". Мақсат-міндеттері. Қыс мезгіліне тән белгілерді, ойын-сауық атауларын қазақ тілінде жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту; сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру.	музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуді үйрету.		
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Кішкентай балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың жазда қалай киінетіндеріне назар аудару: жеңіл көйлектер, шолақ шалбар, бас киімдер – орамалдар, жеңіл қалпақтар (күннің көзі басты қыздырмас үшін), жазғы киімдер ашық түсті болуға тиіс екеніне көңіл аудару.	Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Ересектердің еңбегіне қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа, еңбекті қадірлеуге баулу. - Бүгін біз ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз. Жыл мезгілдеріне	Арнайы көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Арнайы көліктер жайлы білімдерін кеңейту; сөздік қорын молайту. Педагог көшеде өтіп жатқан техниканы не үшін көлік деп атайтынын сұрайды. Балалар көліктерге тән ерекшеліктерді айтады, көліктердің түстерін, жеңіл көлік немесе жүк	Көкшымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Құстарға қызығушылық тудыруды жалғастыру; көкшымшықтың тіршілік ету ортасымен, сыртқы түрінің ерекшеліктерімен таныстыру. Ересек адамдармен орындалатын	Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады.

	Балалар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Ізгілік және қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Тақпақ. Ермек Өтетілеуұлы "Іні". "Бір ісіме қапа ма?" - Деп қарайды апама Сипаттырып басынан Еркелейді атама. "Жұппен жарыса жүгіру" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша қол ұстасып, жұппен жарыса жүгіруге дағдыландыру; күнделікті белсенді қозғалыс қызметінің қажеттілігін қалыптастыру. Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жөндеу. Мақсат-міндеттері. Ойыншықтарды жөндеуді өз ықыласымен	байланысты жұмыстар әртүрлі болып келеді. Жазда қоқыстарды жинайды, ауланы сыпырады, гүлдерді суарады, шөп жұлады. Біз көмекші баламыз, Төзімді, ұқыпты боламыз. Шеберлікке жету үшін Көп еңбек саламыз. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың бірінің артына орамалды тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап,	тасымалдайтын көлік екенін анықтап жатады. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақша қайшысымен ағаштар мен бұталардың сынған, құрғақ бұтақтарын қию, оларды тазалау. Мақсат-міндеттері. Бақша қайшысын қолдануды үйрету, сынған бұтақтарды ғана жою керектігі туралы түсініктерін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойыны. "Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шартына сай ойнауды үйрету; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгілі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.	қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қардан тазарту). Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Құстар мен мысық". Мақсат-міндеттері. Физикалық белсенділікті арттыру; педагогтің белгісі бойынша тез әрекет ету. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың кегли арасымен баяу және епті өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кеглилер. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қимыл-қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. 2-3 м қашықтыққа алдыға	Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температурада болу мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су жазда қызады, адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету. Үлкен балалармен суға қандай заттар батып жатқанын, қайсы батпайтынын анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау. Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар,
--	---	---	---	---	--

	орындауды, басталған істі соңына дейін жеткізуге дағдыландыру. "Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар.	орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп, орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Құғыншы бала орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. "Салыстырулар" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ұсынылған заттарды салыстыру, заттар туралы әңгімелерді құрастыру. Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштан түскен құрғақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттері: балаларды бірлесе	Ал, кәнеки, балалар, "Бір, екі, үш!" - деп санаңдар! "Бір, екі, үш! Ал, тараңдар!" Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі-үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар жылдам шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. "Аралар мен аюлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ауыспалы қадамдармен гимнастикалық сатымен өрмелеуге жаттықтыру; допты лақтыру және қағып алуға жаттықтыру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: секіру жаттығулары. Мақсат-міндеттері. Секіртпені артқа, алға	қарай екі аяқпен секіруге жаттықтыру.	қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс. "Толқиды теңіз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт. Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек. "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу;
--	--	--	---	--	--

		жұмыс істеуге баулу. Балалардың еркін ойыны.	айналдыра секіру біліктіліктерін бекіту.		вестибуляр аппараттарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Балалардың еркін ойыны. Балаларға ойын тақырыбын өздері таңдауды үйрету.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте жатып жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде				

	қосылады). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ жаттығуын орындау. "Жыл мезгілдері" Мұз да, қар да ерісе, Өлең айтар өзендер. (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды) Ұйқы қашса қонжықтан, Көктем келді дерсің сен, (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды) Қызса қатты күн көзі, Қарлығаштар самғаса, (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Данаға бөкебайды дайындап берейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды екі қарама-қарсы затты ұзындығы және биіктігі бойынша тұтастырып, салыстыруды үйрету; заттардың биіктігінің немесе ұзындығының қасиеттеріне сүйеніп, белгілі түспен сәйкестендіруді, солдан оңға қарай тізуге жаттықтыру; заттардың ұзын не қысқа екенін	"Үйсіз қоян" қимылды ойын. Мақсат-міндеттері. Дыбыстық белгіге реакция жылдамдығын арттыру, балаларды ереже бойынша ойнауға үйрету. Барысы: ойыншылар арасынан аңшы мен үйсіз қоян таңдалады. Қалған балалар қояндар болып, өздері үшін шеңбер жасайды (үйлері). "Үйсіз қоян" қашып кетеді, ал "аңшы" оны қуып жетеді. "Қоян" кез келген шеңберге жүгіру арқылы "аңшыдан" құтыла алады; онда шеңберге ағылған "қоян"	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қаладағы қыс". Мақсат-міндеттері. Қыс туралы көркем сөздер арқылы балалардың сөздік қорын жетілдіру; құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту. «Ол не?» дидактикалық	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қыс келді атты суретпен танысу". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы ұғымдарын пысықтау, сөз тіркестері мен жай сөйлемдер арқылы құбылыстарын сипаттау тәртібіне үйрету. Дамытушы жаттығу. "Қай мезгілде болады?" Мақсат-міндеттері. Шеңберге тұрғызып ойнату, мнемосызбаларды қолдану.

	қолымен сипайды) Ыстық аптап, құрғақшылық, Жаз келгенін білдірер, (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды) Шатырда жаңбыр ойнаса, Бірде қатты, бірде жай (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды) Жер жапырақты жамылып, Күз келгенін білдірер. (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды) Боран борап, жел тұрса, Айналаны қар басса, Үйлер ақ көрпеге оранса, Келді дей бер қыс ортаға. (спираль тәрізді қимылдарды маңдай ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін орындайды)	айтқызып үйрету; зейінді, көзбен мөлшерлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту. "Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгіру кезінде "Аю қалай жүгіреді?" дегенде балалар аюдың кейпіне түсіп, маймандап жүгіре бастайды. Педагог балаларға қандай жүгіру түрі болмасын арақашықтықты сақтап, жүгіру керектігін түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және	тез арада қашып кетуі керек, өйткені қазір ол үйсіз қалады, ал "аңшы" оны ұстап алады. "Аңшы" қоянды ұстаған бойда өзі "қоянға", ал "қоян" "аңшыға" айналады. Сурет салудан ойын- жаттығу. "Шыршалар қар жамылды". Мақсат-міндеттері. Балаларға жасыл бор арқылы шырша бейнесін салып, қылқаламмен шырша үстінде жатқан ақ қарды салуды үйрету. Саусақ жаттығуы. "Ақшақарлар қалықтап".	ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін, сұрақтарға жылдам, әрі толық жауап беру іскеліктерін жетілдіру. "Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту. Барысы. Бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дөңді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Түлкі оларға жақындағанда әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп айқайлайды. Бұл белгі бойынша барлығы тауық қорасына	Драматизация. "Үйшік" ертегісін фланелеграф театрын қолдану арқылы сахналау. Вариативті компонент/Әлеумет "Үй құрылысы" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылысшы қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; құрылыс материалдарының қарапайым түрлері мен құрылысшыға қажетті құралдар туралы білімдерін кеңейту; үй құрылысын ойыншық құрылыс материалдарымен салуды үйрету.
--	---	---	--	---	--

	Музыкадан ойын-жаттығу "Қысты сағындық". Мақсат-міндеттері. Балалардың орыс халқының әуеніндегі әннің сипатын түсініп, ажырату қабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; өзге ұлт әуенінің ырғақтық сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; қыс туралы әнді айтуда дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажыратуды үйрету; музыкалық-дидактикалық ойындарда зейіні мен зеректігін қалыптастыру.	жылдам жүгірсе, сол топ жеңген болып есептеледі.		жүгіреді, олардың артынан түлкі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қолын тигізуге тырысады. Құрастырудан ойын-жаттығу "Шана". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылыс материалдары кірпіш пен призмадан шананы жасауды үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру. Құрылыс нәтижесімен ойнату.	
Балалармен жеке жұмыс	"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау. Мақсат-міндеттері. Бала	"Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру.	"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау. Мақсат-міндеттері. Бала	"Жаңылтпаштар". Мақсат-міндеттері. Балаларды	"Қыста" тақпағын жаттатқызу. Мақсат-міндеттері. Бала

	тілін дамыту. Тақпақтар жаттау. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Түлкі". Жем іздеп жүгіріп, Аңшыдан тығылып. Қақпанға жуымай Жүреді, қуын-ай! "Маймыл". Кәмпітті толтырып уысқа, Секірдің бұрыштан бұрышқа. Жолдасың таңырқап қарайды, Қызғаншақ болуың дұрыс па? (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. "Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру. Балаларға сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету. (сөйлеуді дамыту)	тілін дамыту. Тақпақты қайталау. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Түлкі". Жем іздеп жүгіріп, Аңшыдан тығылып. Қақпанға жуымай Жүреді, қуын-ай! "Маймыл". Кәмпітті толтырып уысқа, Секірдің бұрыштан бұрышқа. Жолдасың таңырқап қарайды, Қызғаншақ болуың дұрыс па? (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	жаңылтпаштарды дұрыс және жылдам айтуға машықтандыру. Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер. Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. Оразбай Байбақов "Қыста". Ойшыл орман сілкінді, Жібергенде жел ырғап. Мұз астында бұлқынды, Күміс өзен сылдырлап. Ғайып болды түнгі ызғар, Ай да батты ақ маңдай. Күн көзінен жұлдыздар Балқып бара жатқандай. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Күндізгі бақылауды жалғастыру				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка)				

ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Еркін рөлдік ойындар.
---	--

Білім беру ұйымы «Ақсезім-жан» бөбекжай бала бақшасы» жеке мекемесі.

Тобы: Кәусар тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 11-15 желтоқсан 2023 жыл

Тәрбиешінің аты жөні Абдусаметова Назокат

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. Қимылды ойын: «Асық» Мақсаты: Ұлттық ойын түрлерімен таныстыру. Дене шынықтыру				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға кеңес: Тәуелсіздік күніне орай балаларға тақпақты үйден қадағалап жаттату.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл-ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ою өрнектер» Мақсаты: Балаларға ою-өрнек туралы түсінік беру. Құрастыруға үйрету. Құрастыру	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» Мақсаты: Балаларға рәміздер туралы түсіндіру. Адамгершілікке, елін сүйуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Жапсыру	Дидактикалық ойын: «Өз туынды тап» Мақсаты: Мемлекеттік рәміздерді тануға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру Сурет салу	«Қоян бауырсақты кездестірді» Мақсаты: Қоян туралы түсінік беру. Қол икемділігін дамыту. Мүсіндеу	«Сипап көр» Мақсаты: Сипап сезу арқылы көкөністердің атын табу. Математика негіздері
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (доппен). 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.				

	1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» «Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ-жауап				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! (сөйлеуді дамыту)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	Дене шынықтыру "Тәуелсіз елім" Мақсат-міндеттер.	Дене шынықтыру "Жайна елім менің!" Мақсат-міндеттер.	Музыка "Тәуелсіз елім" Мақсат-міндеттер.	Дене шынықтыру "Мен - чемпион". Мақсат-міндеттер.	

ұйымдастырылған іс-әрекет	Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге үйрету.	Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тілі «Үйдің көркі не?». Жиназдар. Мақсат-міндеттер. Қазақстан, оның астанасы - Астана қаласы жайында қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды үйрету, жиназдардың атауларын атап, не үшін қажет екенін түсінуді үйрету, сұрақтарға дұрыс жауап беру немесе	Балалардың ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру; әнді тыңдау кезінде эмоционалды қабылдай білуге үйрету; ұжымда және дербес ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дем алу және дем шығару дағдысына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық ойындарда сезімталдығы пен зейінін дамыту.	Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын дамыту.	
---	--	---	--	--	--

		сөйлеудің дұрыс үлгілерін қайталау арқылы диалогқа түсу қабілеттерін дамыту.			
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Серуенге ойын құралдарын дайындау.				
Серуен	Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күректермен әрекет ету қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру)	Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ұжыммен қар тазалау. Мақсат-міндеттері. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. (еңбек дағдылары) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жаққа	Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Қимылды ойын.	Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда

	Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу.	жүгіру, секіру техникаларын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу.	шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету.	«Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Еңбек: гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек дағдылары) Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. Өз бетімен ойындар: өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін	болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру) «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. Еңбек: мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)
--	--	---	--	--	---

				орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. (дене шынықтыру)	Өз бетімен ойындар: ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру.
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. Тағамды асықпай жеу керек.				
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық "Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф". "Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. Балалардың назарын тағамға аудару.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Танымдық үстел үсті ойыны: «Көлеңкесін тап?» Мақсаты: Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту. Тиянақтылыққа және ұқыптылыққа үйрету. Математика негіздері	«Кім солай сөйлейді?» доппен ойын Мақсаты: Жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету.	«Өз үйінді тап» дидактикалық ойын Мақсаты: Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру	Танымдық ойын: «Көзінді жұмып, қолыңмен анықта» Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. Математика негіздері	Сиқырлы суреттер Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Құрастыру Мүсіндеу

		Сөйлеуді дамыту			
Балалармен жеке жұмыс	"Не өзгерді?" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Ойын барысы. Мұғалім ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. (көркем әдебиет)	"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс) Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау. (математика негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)	"Лото-жануарлар" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету. Зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Еркін рөлдік ойындар.				

тағы басқа әрекеттер)					
Балалардың үйге қайтуы	Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету.	Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау.	Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету.	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Үйге тақпақ жаттап келу.

Білім беру ұйымы «Ақсезім-жан» бөбекжай бала бақшасы» жеке мекемесі.

Тобы: Кәусар тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 19-22-желтоқсан 2023 жыл

Тәрбиешінің аты жөні Абдусаметова Назокат

Күн тәртібі Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері, балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Біздің Елбасымыз" тақырыбында суреттерді көру. "Мемлекеттік рәміздер". Мақсат-міндеттер. Еліміздің рәміздері олардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	"Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш. Бас бармақ, Балан үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Сен тұр – қошақанға бар! Сен тұр – құлыншаққа бар!	Санамақтар айтқызу. "Кел, санайық санамақ" Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш. Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. (сөйлеуді дамыту)	"Желбірейік туымыздай!" - Балалар, орнымыздан тұрып, жалаушаларымызды қолымызға алып, сергіп алайық. Желбірейік туымыздай! (қолдарын жоғары көтеріп, жалаушаларды желбіретеді), Тәуелсіздік теңіміз (қолдарын алға созып, жалаушаларын желбіретеді). Татулығы желбіреген (қолдарын жанына жіберіп, жалаушаларын	

		Сен тұр – лаққа бар! Сен тұр – бұзауқанға бар! Сен тұр – ботаңа бар! Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, үйде жат. (сөйлеуді дамыту)		желбіретеді), Егеменді еліміз (жалаушаларын төменнен жоғары қарай желбіретіп көтеру). (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (доппен). 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған	Шаттық шеңбері				

іс-әрекетке дайындық	Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. (сөйлеуді дамыту)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Жаңа жыл, жаңа нұр!" Мақсат-міндеттер. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру дағдысын қалыптастыру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіруге үйрету.	Дене шынықтыру "Қош келдің, Жаңа жыл!" Мақсат-міндеттер. Балаларда белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүру, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіру техникасын дамыту. Қазақ тілі "Шыршаның бастан кешкендері" Мақсат-міндеттер. Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттауды, жаттау барысында өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету; қазақ тілінде қыс мезгілі туралы, қысқы мерекелер туралы білімдерін	Музыка "Жаңа жыл - жаңа нұр". Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығушылығы мен ықыласын ояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; жаңа жыл туралы ұғым беру. "Қанша Аяз ата?"	Дене шынықтыру "Жаңа жыл құтты болсын!" Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін дамыту; жүгіру кезінде балалар бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларына жаттықтыру.	

		кеңейту. Қысқы іс-шаралар тек қыс мезгіліне тән деген түсініктерін бекіту. Көркемсөз үлгілері арқылы балалардың сөйлеуін жандандыру. Сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру. Суреттерге немесе жиі қайталанатын сөздерге сүйеніп, қазақ тіліндегі ақпаратты есту арқылы қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеуін, кеңістіктік ойлау негіздерін дамыту. Есту зейінін және музыкаға эмоционалды қарым-қатынасын, эмоционалды жауап беруге баулу. Өзгелерге деген қайырымдылық пен жанашырлық сезімдеріне, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	дидактикалық ойыны.		
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Серуенге ойын құралдарын дайындау.				
Серуен	Әуе көліктерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: әуе	Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құс әлемі туралы білімдерін бекіту;	Қардағы құстардың іздерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер:	Қарғаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер:	

	көлігі, оның қолданылуы және мақсаты туралы білімдерін кеңейту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қар жауғаннан кейін жолды тазарту.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту, жұмыстың нәтижесіне қуану. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бұғының үлкен үйі бар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қозғалысты мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: сызықтар арасында жүру (10-15 см). (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: физикалық белсенділікті дамыту және жетілдіру.	сипаттама бойынша құстарды тану іскерліктерін жетілдіру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қардан құрылыстар жасау). Мақсат-міндеттер: педагогке қардан құрылыс жасауға көмектесуге үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыс жасай білуге баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: жылан секілді қозғалу. Мақсат-міндеттер: балаларды бірінің соңынан бірі тұрып "жылан" секілді қозғалуға үйрету.	қыстайтын құстар туралы білімдерін кеңейту, қай құстың ізі екенін ажырату; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қардан төбешік жасау). Мақсат-міндеттер: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға - торғай". Мақсат-міндеттер: мұқият тыңдап, бұйрық бойынша әрекеттерді орындау; достық қарым-қатынасты дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бір кесек қармен нысанаға тигіз. Мақсат-міндеттер: лақтыру күшін дамыту.	қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан тазарту). Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды	
--	--	---	--	---	--

				үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру.	
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.				
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда, бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Орман шыршасы". Мақсат-міндеттер. Балаларда "биік", "аласа" ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру; заттардың биіктігі мен ұзындығы секілді қасиеттері туралы түсінік аясын кеңейту; жабайы аңдардың қысқы тіршілігін пысықтау, адамдардың жаңа жылды қарсы алу әдебімен таныстыру. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Биік шыршаны табайық".	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Аяз өрнектері". Мақсат-міндеттер. Қыс құбылыстары туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту.	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Аяз ата туралы тақпақ жаттау". Мақсат-міндеттер. Балаларды Жаңа жыл туралы тақпақпен таныстыру; көркем сөзді мәнерлеп оқу үлігімен таныстыру.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қардың қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; қардың қасиетімен таныстыра отырып, қардың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; қардың қасиеттерін атай білуге үйрету. Дидактикалық ойын: "Бұл не?".	
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Нұрбектің ұсақ қол моторикасын дамыту. Сурет салу	Жеке баламен жұмыс: Аялаға тыныс алу жаттығуын жасату. Сөйлеуді дамыту	Жеке баламен жұмыс: Қайшыны дұрыс ұстауға үйрету. Құрастыру	Жеке баламен жұмыс: Алинұрға түстерді ажырата білуге үйрету. Сөйлеуді дамыту	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка)				

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы	Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету.	Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау.	Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету.	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	

Білім беру ұйымы «Ақсезім-жан» бөбекжай бала бақшасы» жеке мекемесі.

Тобы: Кәусар тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 25-29 желтоқсан 2023 жыл

Тәрбиешінің аты жөні Абдусаметова Назокат

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Жаңа жыл мерекесіне байланысты болатын ертеңгілік, мерекелік кештер туралы ата-аналарға ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекшіге жүктелген міндеттерді өз бетімен және адал орындауға тәрбиелеу (кезекшінің киімін дұрыс киіндіру, қолын жуу, ыдыстарды қою, үстелден және үстелдің астынан жинау). (еңбек дағдылары)	Суреттерге қарау. Мақсат-міндеттер. "Жаңа жыл" тақырыбында суреттерді көру. (сөйлеуді дамыту)	"Үздіксіз ізде" (іздеу). Мақсат-міндеттер. Зейінді дамыту. 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және т.с.с.) бірдей мейлінше көп зат табуды ұсыну. (танымдық дағдылар)	Үстел үсті ойыны: "Суретті құрастыр". Мақсат-міндеттер: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту. (сөйлеуді дамыту)	"Зат неге ұқсайды?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. Құралдары: геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттардың сурет-карточкалары. (математика негіздері)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, атластық таспаны ұстаған қолдарды алда ұстау; 1-1 атластық таспаларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау);				

	1-2 бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып тік тұру, атластық таспаларды екі қолмен ұстау; 2-1 жерге отырып, атластық таспаларды иық тұсына қою; тұрып, атластық таспаларды алға қою (4-5 рет қайталау); 2-2 бастапқы қалыпқа келу; 3. Екі атластық таспаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. Сөйлеуді дамыту «Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ-жауап				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Жаңа жыл" мерекесіне арналған тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Жаңа доп". Мақсат-міндеттер. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүруге үйрету.	Дене шынықтыру "Допты дәлдеп лақтыр". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге	Музыка "Шырша түбіндегі сыйлық". Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.	Дене шынықтыру "Тез адымдап жүреміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын	

		қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру; көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыруға үйрету. Қазақ тілі «Дана көшеге шығу үшін не киеді?». Киімдер. Мақсат-міндеттер. Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттау, жаттау барысында өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету; ойын жағдаятына және жыл мезгіліне байланысты киім атауларын дұрыс айтуды (атауды) үйрету; жаттап алған ойыншық атауларын бекіту. Ойын жағдаятына сәйкес сөз және сөз тіркестерін дұрыс қолдана білу дағдыларын дамыту.		дамыту; көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыру іскерліктерін жетілдіру.	
--	--	---	--	---	--

		Диалогтық сөйлеу негіздерін, есту және көру арқылы қабылдауын, зейінін, ойлау қабілетін, эмоцияналдық қабылдауын дамыту. Қысқы мерекелерге деген жағымды қарым-қатынасын дамытып, достыққа тәрбиелеу.			
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.				
Серуен	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері) Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар	Ағаштардағы қырауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Бақылау: қыраудың пайда болуы туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын, ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну.	Терезедегі қырауды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер	Бұрқасынды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал. Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды. Ырым. Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-шашын болады. Бақылау: бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады	Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. Бақылау: қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай

	аудару. Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Еңбек: гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек іс- әрекеті) Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. Өз бетімен ойындар: өз	Қырау – бұл қатты шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатырады, сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету. Қимылды ойындар: «Бірінші бол». (дене шынықтыру) Белгі бойынша іс- әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып- тұру және т.б)	шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру) «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. Еңбек: мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен	да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады. Қимылды ойын. «Әткеншек». (дене шынықтыру) Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.). Жинақылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Еңбек: балаларды бала- бақша ауласындағы жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек іс- әрекеті) Өз бетімен ойындар: Ойын тақырыбын бір- бірімен ақылдасып таңдап алуға, ойыншықтармен бөлісіп тату-тәтті ойнауға тәрбиелеу.	ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету. Қимылды ойын «Аю апанында». (дене шынықтыру) Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету. Еңбек: бұтақтарды
--	--	--	---	--	---

	құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.	жылдам және еппен іс-әрекет жасау. Еңбек: мұзды жол әзірлеу. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену. (еңбек іс-әрекеті)	жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті) Өз бетімен ойындар: ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру.		қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. Өз бетімен ойындар: өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту.
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.				
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі «Әлди – әлди ұйықтайғой» Сөйлеуді дамыту				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Қайық жаттығуы; (ішпен жату, қолдар иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар	Сурет салудан ойын-жаттығу "Аяз атаның қабы". Мақсат-міндеттер. Балаларды қылқалам арқылы сопақша немесе	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Шырша ойыншықтары". Мақсат-міндеттер.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Хан мен құмырсқалар". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Хан мен	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Шырша ойыншықтарымен танысу". Мақсат-міндеттер.	Жапсырудан ойын-жаттығулар. "Аққала үлкен болғысы келеді". Мақсат-міндеттер. Балаларды аққала

қарау және тағы басқа әрекеттер)	дөңгелекке ұқсас Аяз Ата қабын салуға үйрету.	Балаларды заттарды ұзындығы және жуандығы бойынша тұтастырып, ұстап, сипап сезу және іс-тәжірибе арқылы салыстыруға үйрету; заттардың жуан не жіңішке, биік не аласа екенін айтқызып үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түйсік пен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.	құмырсқалар" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, мәтіндегі жолдар арқылы эмоционалды жауаптар қайтара білуге үйрету; ертегі мазмұнын бар ықыластарымен мұқият тыңдауға дағдыландыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; жаңа жыл және жаңа жылдық сыйлықтар туралы ұғым беру. "Құмырсқаларды бірге жинайық" рефлексиялы жаттығуы.	Балаларды ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру, сұрақтарға сөз тіркестері мен қарапайым сөйлем арқылы жауап беріп, өз ойын жеткізуге үйрету. Дамытушы ойын. "Бар - жоқ".	бейнесін көлемі түрлі дөңгелектер арқылы құрастырып, жапсыруға үйрету; көзбен мөлшерлеу мүмкіндіктерін қалыптастыру; қысқы ойындар, мерекелер жөнінде түсініктерін кеңейту.
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Кірпі". Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады). Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма!	Жұмбақтар, жаңылтпаштар Мақсат-міндеттер. Жұмбақтар, жаңылтпаштар айтқызу. Балалардың тілін дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Қыста не болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: қыстың белгілері туралы ойларын дамыту. Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген	"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерін білдіретін	"Жаңылтпаштар". Мақсат-міндеттер: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға машықтандыру. Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер. Ойын барысы: тәрбиеші балаларға

	(сөйлеуді дамыту)		үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Балалар суреттерді тез қойып шығады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы	Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету.	Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау.	Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету.	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Демалыс күнді жақсы өткізу.